

3 Шілде 2025 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Қазақстанның қызмет көрсету саласындағы
белсенділік рекорд орнатты

3 Шілде 2025 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізг тұжырымдар

Шолу

Пікір

Сұраныс, жұмыспен қамту
және әлеует

Инфляция

Қазақстан бойынша аралас
PMI

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® қызмет көрсету көрсеткіштерін уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Маусым 2025

Іскери белсенділік күрт әрі сауалнама тарихындағы ең жоғары деңгейге дейін өсті

Соңғы төрт айда алғаш рет кадр саны артты

Іскери көңіл-күй соңғы бір жылдағы ең төмен деңгейде

Қызмет көрсету саласындағы PMI іскерлік белсенділік индексі - алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәніне тең. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларды ескере отырып түзетілген. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін мына жерді [басыңыз](#).

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет
көрсету салалары
бойынша іскерлік
белсенділік PMI

Маусым 2025

55,1



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІК РЕКОРД ОРНАТТЫ

Freedom Holding Corp. PMI® деректері бойынша 2025 жылдың бірінші жарты жылдығы Қазақ қызмет көрсетушілері үшін сәтті аяқталды.

Маусымда Қазақстанның қызмет көрсету саласында жаңа тапсырыстар саны ауқымды әрі тұрақты түрде өсті. Бұл жандану кәсіпорындар белсенділігін рекордтық қарқынға жетеледі. Оған қоса, қызмет көрсету саласында жұмыспен қамту қайта артып, соңғы сауалнама кезеңінде қызметкерлер саны азап ұлғайды.

Алайда белсенділік артады деген позитивке қарамастан, қызмет көрсетушілер арасында оптимизм әлсірей түсті. Алдағы 12 айға деген болжам бір жыл ішіндегі ең әлсіз деңгейде, саяси өзгерістерге қатысты алаңдау да жалпы сенімге селкеу болып тұр.

Негізгі көрсеткіш — Іскери белсенділік индексі. Бұл өткен аймен салыстырғанда іскери белсенділік ауқымы қалай өзгерді деген жалғыз сауалға берілген жауап негізінде есептеледі. Индекс мәні 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары болса өсімді, ал 50-ге жетпесе төмендеуді білдіреді. Индекс маусымдық өзгерістерге қарай түзетіліп отырады.

Freedom Holding Corp. PMI® Іскери белсенділік индексі маусымда Қазақ қызмет көрсету секторында қатарынан алтыншы ай өсім болғанын көрсетті. Сонымен қатар индекс мамырдағы 54,3-тен 55,1-ге көтеріліп, қатарынан төртінші ай бойы өсуде — көрсеткіш 2019 жылдың наурызынан басталған сауалнама тарихындағы ең жоғары деңгейге жетті.

Маусымда қазақ қызмет көрсету компанияларында жаңа тапсырыстар

көлемі күрт, бірақ сәл бәсең қарқында өсіп, іскери белсенділіктің рекорд орнатуына негіз болды. Сауалнамаға қатысушылар қызмет түрлеріне сұраныстың артуы, жаңа жобалар мен бизнес модельдердің енгізілуі сұранысты жандандырып, қосымша клиент тартуға ықпал еткенін атап өтті.

Сұраныстың күрт артуы Қазақстанның қызмет көрсету секторында жұмыспен қамтудың қайта өсуіне түрткі болды. Қызметкерлер санының өсуі шамалы болғанымен, бұл соңғы төрт айдағы алғашқы өсім болды — бұған дейінгі үш ай қатарынан аздаған қысқару байқалған еді.


Бағаға қатысты, соңғы сауалнама деректері Қазақстанның қызмет көрсету секторында инфляция қысымы күшейгенін көрсетті. Ресурс бағасы айтарлықтай өсті, өсу қарқыны соңғы төрт айдағы ең жеделі болды. Сату бағалары да өсті, бірақ шығындарға қарағанда біршама баяу. Бағалардың өсу қарқыны да төрт ай ішіндегі ең жоғары деңгейге жетті. Шикізат, жалға алу мен коммуналдық қызмет ақысының қымбаттауы, сондай-ақ теңгенің рубльге қатысты әлсіреуі шығындардың өсуіне ықпал етті, ол тұтынушыға ұсынылатын бағаға ықпал етті.

Десе де, баға қысымы тарихи деңгейде қалыпты күйінде қалды.

Алдағы 12 айға көз жүгіртсек, Қазақстанның қызмет көрсету компаниялары белсенділік қазіргі деңгейден жоғары болады деп күтеді. Сұраныс тұрақты түрде артады деп күту, жаңа жобалардың іске қосылуы және клиенттік базаны кеңейту сенімге оң ықпал етті. Дегенмен нарықтағы бәсекелестік пен салық саясатына қатысты алаңдаушылық белгілі бір деңгейде пессимизм туғызды. Сәйкесінше оптимизм деңгейі одан әрі әлсіреп, соңғы бір жылдағы ең төменгі көрсеткіш болып, ұзақ мерзімді орташа көрсеткіштен төмен қалыптасты.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Деректер 2025 жылдың 12-25 маусымы.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

ПІКІР

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:

"Маусым айында қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік сауалнама тарихындағы ең жоғары деңгейге жетті. Жаңа келісімшарттар мен маркетинг стратегиялары нарықты жандандырып, жұмыс орындарын ашуға ықпал етті. Операциялық шығындардың өсуі сату бағасының шарықтауына ішінара әсер етіп үлгерді. Сонымен қатар нарықтық түзетудің ықтимал белгілерін байқап отырмыз: іскери белсенділіктің


өсу қарқыны, соңғы екі жылдағы ең күшті өсімді көрсеткен мамыр айымен салыстырғанда күрт баяулады, алдағы бір жылдан күтілетін үміт деңгейі соңғы 12 айдағы ең төменгі мәнді көрсетті. Мұндай динамика іскери белсенділік шарықтау шегіне жеткен тұста байқалуы, бәсекенің күшеюі, сыртқы сауда тәуекелдері (соның ішінде рубль факторы) және салық саясатының өзгерістеріне байланысты компаниялардың 2025 жылдың екінші жартысына қатысты сақтықты күшейткенін білдіруі мүмкін. Соған қарамастан, бизнестің алдағы күннен күткен үміті әлі де болса оптимистік күйде екенін атап өткен жөн."

Байланысушы тұлға

Ерлан Әбдікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры,
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



СҰРАНЫС, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Қазақстандағы қызмет көрсету компанияларында жаңа тапсырыстар көлемі күрт өсті, бұл маусым айында қызметкерлер санының қайтадан өсуіне алып келді.


Жаңа бизнестің өсу қарқыны мамырмен салыстырғанда бәсеңдегенімен, бұл әлі де сауалнама тарихындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Жаңа тапсырыстар көлемі сегізінші ай қатарынан ұлғайып отыр. Сауалнамаға қатысушылар дерегінше, оған қызметке сұраныстың артуы, жаңа жобаларды қолға алу мен бизнес-модельдердің енгізілуі ықпал етті.

Жаңа тапсырыстардың тұрақты әрі қарқынды өсуі жұмыс орындарын қайта ашуға түрткі болды. Қызметкерлер саны

сәл ғана артса да, бұл соңғы төрт ай ішіндегі алғашқы өсім болды.

Маусымда саладағы көрсеткіштер артқанына қарамастан, Қазақ қызмет көрсетушілер алдағы іскери белсенділікке қатысты сенім бұрынғыдан бәсеңдегенін хабарлады. Компаниялардың оптимизм деңгейі жыл ішіндегі ең төменгі мәнде, бұл ұзақ мерзімді орташа деңгейден де төмен болды.

Кейбір компаниялар сұраныстың артуы, жаңа жобаларды қолға алу және жаңа клиенттерді сәтті тарта алу белсенділікті арттырады деп үміттенгенімен, үкіметтің салық саясатына қатысты алаңдауы олардың болжамына кері әсер етті. Оған қоса, нарықтағы бәсекелестік пен геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы оптимизм деңгейінің төмендеуіне ықпал етті.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Болашақ белсенділік

Индекс, >50 = өсім күтіледі



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



ИНФЛЯЦИЯ

Соңғы сауалнама кезеңінде Қазақстанда қызмет көрсету шығындары күрт өсті.

Бұл өсімге жанармай, қосалқы бөлшектер мен шикізат бағасының қымбаттауы, жалақының көтерілуі және теңгенің рубльге қатысты әлсіреуі әсер етті. Ресурс бағасының өсу қарқыны төрт айдағы ең жоғары деңгейге жеткенімен, ол әлі де орташа көрсеткіштен төмен.


Оған қоса компаниялар өткен аймен салыстырғанда қызмет көрсету

бағасын көтерген. Баға инфляциясы тарихи бірқалыпты болғанымен, бұл — ақпан айынан бергі ең жылдам өсім, кәсіпорындар мұны коммуналдық қызмет, жалдау ақысы мен тасымалдау құнының артуымен түсіндіреді.



■ Ресурс бағасы
■ Баға белгілеу

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРАЛАС PMI®

Қазақстанның жеке секторындағы өсімді қызмет көрсету саласы қамтамасыз етті

Қазақстанның Аралас PMI өндіріс индексі* мамырдағы 53,0 мәнінен маусымда 52,5-ке төмендеді, дегенмен өсім қатарынан сегізінші ай жалғасты. Бұл көрсеткіш өңдеу өнеркәсібіндегі өндірістің төмендеуін бүркемелеп тұр, себебі қызмет көрсету секторындағы белсенділік рекорд орнатты. Өңдеу өнеркәсібінің бәсеңдеуі жалпы қарқынның мамырға қарағанда төмендеуіне алып келді, жалпы өсім жаман болған жоқ.


Қазақстанның жеке секторында жаңа тапсырыстар саны қатарынан он алтыншы ай артты. Осу қарқыны мамырдағы рекордтық деңгейден бәсеңдегенімен

тұрақты қалпында қалды.

Екі ай қатарынан қызметкерлер саны сәл қысқарғаннан кейін, маусымда жұмыспен қамту бойынша жағдай тұрақталды. Маусымдық түзету енгізілген индекстің өсуіне қызмет көрсету саласындағы жұмыс орындарының қайта көбеюі қолдау көрсетті, бұл өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыс күшінің қысқаруын теңестіре алды.

Маусымдағы сауалнама деректері іскери сенім деңгейінің одан әрі бәсеңдеп, тоғыз айдағы ең төменгі деңгейге жеткенін көрсетті. Бұл көрсеткіш ұзақ мерзімді орташа деңгейден де төмен болды, оған қызмет көрсету саласындағы сенімнің әлсіреуі әсер етті.

*Аралас PMI индексі өндірістегі өнім өндіру және қызмет көрсету PMI салыстырмалы индекстерінің орташа мәні негізінде есептеледі. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Қазақстанның Аралас қуат Индексі - Қазақстанның өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қазақстанның Қызмет көрсету іскери белсенділік индексінің орташа мәні.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. S&P Global Market Intelligence арқылы Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ©2025 S&P Global.



■ Аралас

Өндіріс

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

■ Өнім өндіру

Жаңа бизнес

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

■ қызметтері

Болашақ өндіріс


Индекс, >50 = өсім күтіледі



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

Жұмыспен қамту


Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

Ресурс бағасы


Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

Дайын өнім бағасы

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақо).




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Аралас өндіріс (өнім өндіру және қызмет көрсету)

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)


05/2025



Америка

■ US ■ CA ■ BR

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.


Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия

Еуропа, Таяу Шығыс және Африка

■ EZ ■ GB ■ RU ■ SA* ■ NG** ■ ZA**

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

EZ Еуроаймақ
GB Біріккен Корольдік
RU Ресей
SA Сауд Арабиясы*
NG Нигерия**
ZA Оңтүстік Африка**

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ AU ■ SG*

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан
AU Аустралия
SG Сингапур*


*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. **Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

■ Дамыған елдер

■ Дамушы елдер

05/2025

X осі = PMI, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқынды жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AE Біріккен Араб Әмірліктері	CA Канада	FR Франция	HK Гонконг ҚХР*	JP Жапония	MZ Мозамбик*+	SA Сауд Арабиясы*	ZA Оңтүстік Африка*+
AU Аустралия	CN Қытай	DE Германия	IE Ирландия	KE Кения*+	NG Нигерия*+	SG Сингапур*	ZM Замбия*+
BR Бразилия	EG Египет*	GB Біріккен Корольдік	IN Үндістан	KZ Қазақстан	QA Қатар*	UG Уганда*+	
	ES Испания	GH Гана*+	IT Италия	LB Ливан*	RU Ресей	US Құрама Штаттары	

*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. +Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панель ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.


Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

Белгі (мәні)

1	Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар	6	Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау
2	Өсім бар, жедел қарқынмен	7	Құлдырау, жедел қарқынмен
3	Өсім, ұқсас қарқынмен	8	Құлдырау, ұқсас қарқынмен
4	Өсім, баяу қарқынмен	9	Құлдырау, баяу қарқынмен
5	Өсім бар, өзгеріссіз қалған	10	Құлдыраудан соң, өзгеріссіз

Сауалнама ауқымы

250 қызмет көрсетуші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Іскери белсенділік, жаңа бизнес, жаңа экспорттық бизнес, болашақ белсенділік, жұмыспен қамту, үлгілі бизнес, ресурс бағасы, баға белгілеу.

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

H Тасымалдау және қоймаға сақтау

I Орналастыру және тамақтандыру саласындағы қызмет

J Ақпарат және коммуникация

K Қаржы және сақтандыру қызметтері

L Жылжымайтын мүлік саласындағы қызмет

M Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер

N Әкімшілік және қолдау көрсету қызметтері

P Білім беру*

Q Денсаулық және әлеуметтік жұмыс саласы *

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

S Өзге де қызмет салалары

*Тек жеке сектор

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры,
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Марьям Балуч
Экономист
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
maryam.baluch@spglobal.com

Корпоративті коммуникация
S&P Global Market Intelligence
press.mi@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасаса деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.